



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ  
ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

А.БАЙТҰРСЫНОВ АТЫНДАҒЫ  
ҚОСТАНАЙ Өңірлік университеті



ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІ МӘДЕНИЕТ БАСҚАРМАСЫНЫҢ "ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННИҢ ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСТЫҚ  
МЕМОРИАЛДЫҚ МҰРАЖАЙЫ" КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ "КОСТАНАЙСКИЙ ОБЛАСТНОЙ МЕМОРИАЛЬНЫЙ  
МУЗЕЙ ИБРАЯ АЛТЫНСАРИНА" УПРАВЛЕНИЯ КУЛЬТУРЫ АКИМАТА КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

## АЛТЫНСАРИН ОҚУЛАРЫ

«ИННОВАЦИЯ, БІЛІМ, ТӘЖІРИБЕ-БІЛІМ  
БЕРУ ЖОЛЫНЫҢ ВЕКТОРЛАРЫ»  
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ  
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ  
КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

## МАТЕРИАЛДАРЫ

І КІТАП

## АЛТЫНСАРИНСКИЕ ЧТЕНИЯ

## МАТЕРИАЛЫ

МЕЖДУНАРОДНОЙ  
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ  
КОНФЕРЕНЦИИ  
«ИННОВАЦИИ, ЗНАНИЯ,  
ОПЫТ – ВЕКТОРЫ  
ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ТРЕКОВ»

І КНИГА



Қостанай, 2023

УДК 37.02  
ББК 74.00  
И 63

## РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ/ РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

**Куанышбаев Сеитбек Бекенович**, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Басқарма Төрағасы-Ректоры, география ғылымдарының докторы, Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының мүшесі;

**Жарлыгасов Женис Бахытбекович**, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Зерттеулер, инновация және цифрландыру жөніндегі проректоры, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор;

**Скударева Галина Николаевна**, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, Мәскеу облысындағы МОУ «Мемлекеттік гуманитарлық-технологиялық университеті» ректорының м.а.; Ресей Федерациясының жалпы білім беру ісінің құрметті қызметкері, Ресей;

**Бережнова Елена Викторовна**, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Мәскеу халықаралық мемлекеттік қатынастар институты, Ресей;

**Ибраева Айман Елемановна**, «Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы» ММ жетекшісі;

**Онищенко Елена Анатольевна**, «Педагогикалық шеберлік орталығы» жекеменшік мекемесінің Қостанай қаласындағы филиалының директоры;

**Демисенова Шнар Сапаровна**, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының меңгерушісі;

**Утегенова Бибикуль Мазановна**, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының профессоры;

**Смаглий Татьяна Ивановна**, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің, педагогика ғылымдарының кандидаты; педагогика және психология кафедрасының қауым.профессоры;

**Жетписбаева Айсылу Айратовна**, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Ы.Алтынсарин атындағы әдістемелік кабинетінің меңгерушісі.

«Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары»: 2023 жылдың 17 ақпандағы Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. I Кітап. – Қостанай: А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023. – 1081 б. = «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков»: Материалы международной научно-практической конференции, 17 февраля 2023 года. I Книга. – Костанай: Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023. – 1081 с.

ISBN 978-601-356-244-5

Жинаққа «Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары» атты Алтынсарин оқулары халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары енгізілген.

Талқыланатын мәселелердің алуан түрлілігі мен кеңдігі мақала авторларына заманауи білім беруді жаңғырту мен дамытудың, осы үдерісте қазақ ағартушыларының педагогикалық мұрасын пайдаланудың жолдарын, мұғалімдерді даярлаудың тиімді технологиялары мен форматтарын әзірлеу мен енгізу мәселелерін, ақпараттық қоғамдағы білім беру кеңістігінің ерекшеліктерін айқындауға, сондай-ақ педагогтердің инновациялық қызметінің тәжірибесін жинақтауға, педагогикалық үдеріс субъектілерін психологиялық-педагогикалық қолдауға мүмкіндік берді.

Бұл жинақтың материалдары ғалымдарға, жоғары оқу орындары мен колледж оқытушыларына, мектеп мұғалімдері мен мектепке дейінгі тәрбиешілерге, педагог-психологтарға, магистранттар мен студенттерге қызықты болуы мүмкін.

В сборнике содержатся материалы Международной научно-практической конференции Алтынсаринские чтения «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков». Многообразие и широта обсуждаемых проблем позволили авторам статей определить векторы модернизации и развития современного образования, использования в данном процессе педагогического наследия казахских просветителей, вопросов разработки и внедрения эффективных технологий и форматов подготовки учителей, специфики образовательного пространства в информационном обществе, а также обобщения опыта инновационной деятельности педагогов, психолого-педагогической поддержки субъектов педагогического процесса.

Материалы данного сборника могут быть интересны ученым, преподавателям вузов и колледжей, учителям школ и воспитателям дошкольных учреждений, педагогам-психологам, магистрантам и студентам.

ISBN 978-601-356-244-5



9 786013 562445

УДК 37.02  
ББК 74.00

© А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023  
© Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023

ӘӨЖ 711.7

## ОҚУ ҮРДІСІНДЕ ИННОВАЦИЯЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ

Шолпанбаева Газиза Абуовна  
педагогикалық ғылымдар магистрі  
А. Байтұрсынов ат. ҚӨУ  
Қостанай қаласы, Қазақстан  
E-mail: gaziza.sholpanbaeva@mail.ru

### Аңдатпа

Өзектілігі және мақсаты. Ғылыми мақалада мұғалімдердің инновациялық технологияны меңгеруінің өлшемдері мен көрсеткіштері сөз болады. Сонымен қатар, оқу үрдісінде инновациялық технологияны пайдаланудың педагогикалық шарттары, бағыттары көрсетіледі. Мақалада инновациялық оқыту жүйесіне ғылыми – теориялық және әдіснамалық тұрғыда негізделген әдістемелік еңбектер негізінде тұжырым жасалады.

**Түйінді сөздер:** инновация, технология, білім беру, сапа.

### Аннотация

Актуальность и цель. В статье представлены критерии и показатели усвоения учителями инновационных технологий. Также даются условия и направления использования современных технологий в учебном процессе. Статья основана на научных исследованиях, теоретических и практических подходов к изучению методических работ.

**Ключевые слова:** инновация, технология, образование, качество.

### Abstract

Relevance and goal. Scientific article, teachers say the word criteria and indicators of mastering innovative technologies, innovative use of technology in the educational process pedagogical conditions, trends. The article is based on innovative research and theoretical and methodological approach to learning methodical works on the basis of conclusion.

**Keyword:** Innovation, technology, education, quality.

Ел Президенті Қасым–Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына арнаған «Қазақстан экономикалық, әлеуметтік және саяси жедел жаңару жолында» атты Жолдауында «XXI ғасырда білімін дамыта алмаған елдің тығырыққа тірелері анық» дей отырып, білім беруді әлемдік стандарт деңгейіне жеткізу үшін жаңа сипаттағы педагогикалық мамандар қорын жасау қажеттігін баса айтқаны баршаға мәлім. Мектепте білім мен тәрбие берудің сапасын қамтамасыз етіп, оны іске асыратын басты тұлға мұғалім болса, бүгінгі таңда мұғалімдерге қойылып отырған талаптар өте жоғары. Елімізде инновациялық экономика құру үшін мектепте кәсіби міндеттерін дербес, әрі шығармашылық тұрғыдан шеше алатын, кәсіби қызметінің тұлғалық және қоғамдық маңызын түсіне білетін, оқыту мен тәрбиелеудің жаңа технологияларын меңгерген, кәсіби құзыретті және бәсекеге қабілетті мұғалімдер жұмыс істеуі тиіс.

Оқыту теориясы мен тәжірибесінің көрсетіп отырғанындай, педагогикалық үрдіске қатысушылардың кәсіби және тұлғалық өсуінің едәуір әлеуеті мектепте инновациялық білім беру технологияларын пайдаланумен байланысты. [1, б. 5]

Тұлғаға бағдарланған парадигма шеңберінде білім берудің мақсаты мен мәнінің өзгеруі «білім беру технологиясы» деп аталатын жаңа ұғымның пайда болуына ықпал етті. Бұл ұғымның мәнін білім беру үрдісін өздігінше дамытатын жүйе деп түсінуге болады, онда оқушының іс–әрекеті жетекші фактор болып табылып, оқыту мұғалімі мен оқушының субъектаралық өзара әрекетін қарастыратын және олардың мүмкіндіктерін қамтамасыз ететін рефлексиялық басқару ретінде көрінеді (Т.М.Давыденко, Г.М.Тюлю, Т.И.Шамова және т.б.).

Білім беру технологияларын пайдаланудың тиімділігі мұғалімнің кәсіби іс–әрекетін дұрыс ұйымдастыра алуымен байланысты екендігі белгілі. Бүгінгі таңда педагогикалық іс–әрекеттің қырсырын өртүрлі салада қарастырған ауқымды зерттеу еңбектері баршылық. Мәселен, мұғалімнің кәсіби мәнді сапаларын қалыптастыру және тұлғасын дамыту, педагогикалық іс–әрекеттің дидактикалық негіздерін айқындау, оқу үрдісінің тиімділігін арттыру мәселелері қазақстандық көрнекті ғалымдардың – Б.Р.Айтмамбетова, Б.Әбдікәрімұлы, А.Е.Әбілқасымова, Б.А.Әлмұхамбетов, В.В.Егоров, М.Ж.Жадрина, А.А.Калюжный, З.У.Кенесарина, К.Ж.Қожахметова, З.А.Исаева, Б.К.Момышбаев, және т.б. еңбектерінде қарастырылып, ерекше ғылыми құндылыққа ие болып отыр. [1, б. 7]

Қазіргі кезде бүкіл әлемде жүргізіліп жатқан ізгілендіру үрдістері қоғамның білім беру мекемелеріне қойылатын жаңа талаптарды анықтауда. Техникалық прогресс пен ғылыми ақпарат көлемінің ұлғая түсуі, мектептегі білім беру мазмұнын қайта құру және оқу–тәрбие орындарының іс–әрекет қағидаларын қайта қарау – мұның бәрі мұғалімнің кәсіби біліктілігі мен тұлғасына, бүкіл педагогикалық үрдістің тұлғалық бағдарлануына қойылатын талаптардың сөзсіз арта түсуіне алып келеді. Сондықтан оқытудың теориясы мен практикасындағы зерттеліп отырған проблеманың

жағдайына талдау жасауды «инновациялық білім беру технологиялары» ұғымына нақты түсінік беруден бастаған жөн.

Жалпы ғылыми «инновация» ұғымы жүйе қызметіндегі мақсатты өзгеріс ретінде анықталады. Мұның өзінде әр түрлі салаларда сапалы және сандық өзгерістер түрінде болуы мүмкін.

«Білім берудегі инновация» және «педагогикалық инновация» терминдері категория ретінде қолданыла отырып, ғылыми түрде негізделді және И.Р.Юсуфбекованың педагогика оқулығының категориялық аппаратына енгізілді. Автор күрделі, әрі көп салалы «педагогикалық инновация» ұғымының неологиялық, аксиологиялық және праксиологиялық сипаттамаларын бөліп көрсетеді.

Білімдегі инновациялар арнайы жобаланған, әзірленген немесе педагогикалық бастама ретінде «кездейсоқ ашылған» жаңалық болып есептеледі. Мұнда «инновациялық үрдіс» ұғымы жаналық жасау, қабылдау, бағалау және қолдану деп анықталады. [2, б. 4]

Ғылыми–педагогикалық әдебиеттерде инновациялардың төмендегідей түрлерін бөліп көрсетеді: білім беру мазмұнындағы инновациялар, оқыту технологиясындағы инновациялар, білім беру жүйесінің тәрбиелеу функциясы саласындағы инновациялар, педагогикалық құралдар жүйесіндегі инновациялар.

Көп жылдар бойы білім беру жүйелерінің дамуы экзогенді (жүйеге сырттай катысты) факторлармен анықталып келді. Мұның өзі осы дамудың қажет жағдайын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Сондай–ақ Қазақстан Республикасының ғылыми әлеуеті көптеген бағыттары бойынша әлемдік деңгейге сәйкес келеді. Сондықтан ол білім берудегі инновациялық саланы дамытуға негіз бола алады деп нақты айта аламыз.

*Білім беру* – оқыту нәтижесі. Тура мағынасында, ол оқып–үйретілетін пән туралы түсініктің, ұғымның қалыптасуын білдіреді. *Білім беру деп* табиғат пен қоғам жайында ғылымда жинақталған білім, білік, дағды жүйесін жеке тұлғаның меңгеруін және оны өмірде тиімді етіп қолдана білуін айтады.

*Технология* деп әдетте алдын–ала берілген қасиеттерге ие материал алу мақсатында бастапқы материалды қайта өңдеу үрдісін атайды. Көптеген ғалым–педагогтар кез–келген әрекет технология болады, не болмаса өнер болады деп атап өтеді. Өнер интуицияға негізделсе, ал технология – ғылымға негізделеді. Технология деген сөздің өзі грек тілінен туындап, «tache» – өнер, шеберлік, «logos»–ғылым, заң дегенді білдіреді. Сонымен біз «инновация», «білім беру», «технология» ұғымдарының мәнін ашып көрсете отырып, өз тұрғымыздан осы үш ұғымның бірлігінде «инновациялық, білім беру технологияларына білім, білік, дағды жүйесін жеке тұлғаның меңгеруін және оны өмірде тиімді етіп қолдана білуін қамтамасыз ететін арнайы жобаланған, әзірленген жаңа енгізілімдерді оқу үрдісінде іске асыру біліктерінің жүйелі жиынтығы» деген анықтама бердік. [1;6]

Білім беру педагогика ғылымының негізгі ұғымы болып табылатындықтан, инновациялық білім беру технологиялары педагогикалық технологиялар қатарына жатады.

Инновация білім деңгейінің көтерілуіне жағдай туғызады. Кейінгі кезеңде ғалымдар өз зерттеулерінде оқу–тәрбие ісіне жаңалықтарды енгізіп, тарату мәселесін қарастырады. Н.Апатова, М.Поташник, В.Я.Ляудис т.б. ғалымдар мұғалімнің жаңалыққа қабілеттілігіне ерекше көңіл бөлді. Авторлардың көбі педагогикалық инновацияның негізгі міндеті енгізіліп отырған жаңалықтарды топтау, жіктеу деп санайды. Ол үшін ең бастысы – мектеп жұмысын дамытудың аймағын қарастыру керек дейді. Енгізіліп отырған жаңа әдістеменің ерекше жағын көре білу, түсіне білу және оның басқа әдістемелермен қандай байланыста екенін білу керек. Сонымен, мұғалімнің инновациялық әрекетке көшуі бірден–бір көкейкесті мәселе деп есептейміз. Білімнің ағартушылық жүйесінде мұғалім субъект динамикалық үрдісі мұғалімнен шығармашылықты, инновациялық әрекетті талап етеді. Мұндай талап етушілікте, мұғалімнің дәстүрлі деңгейі, қазіргі мектеп, қоғам қажет ететін шығармашыл, жаңашыл–мұғалім арасында қарама–қайшылық туындайды. [2, б. 12]

Қазіргі кезеңдегі педагогикалық инновация білім беру жүйесіндегі жаңалықтарды топтастырады.

Мемлекеттік білім стандарты деңгейінде оқыту үрдісін ұйымдастыру жаңа педагогикалық технологияны ендіруді міндеттейді. Ал жаңа педагогикалық технологияның түрі, қолдану ерекшелігі, одан туындайтын білгір мәселелер бүтінгі таңда әлі нақтыланып белгілі бір жүйеге түспеген дүние.

Еліміздің егемендік алып, қоғамдық өмірдің барлық, соның ішінде білім беру сатысында жүріп жатқан демократияландыру мен ізгілендіру мектепті осы кезге дейінгі дағдарыстан шығаратын қуатты талпыныстарға жол ашады.

Қазіргі Республика оқу орындары, педагогикалық ұжымдары ұсынылып отырған көпнұсқалыққа байланысты өздерінің қалауына сәйкес кез–келген үлгі бойынша қызмет етуіне мүмкіндік алды. Бұл бағытта білім берудің әртүрлі нұсқадағы мазмұны, құрылымы, ғылымға және тәжірибеге негізделген жаңа идеялар, жана технологиялар бар. Сондықтан әртүрлі оқыту технологияларын оқу мазмұны мен оқушылардың жас және психологиялық ерекшеліктеріне орай таңдап, тәжірибеде сынап қараудың маңызы зор. Қазіргі білім беру саласындағы оқытудың озық технологияларын меңгермейінше сауатты, жан–жақты маман болу мүмкін емес. Жаңа технологияны меңгеру мұғалімнің интеллектуалдық,

кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және басқа көптеген адами келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді. [2, б. 2]

Инновациялық білім беру технологияларының көптүрлілігі мұғалімнің оларды дұрыс таңдап алуының өлшемдерін айқындауды талап етеді (М.М.Поташник, Г.К.Селевко, Н.Д.Хмель, т.б.). Көрнекті қазақстандық ғалым Н.Д.Хмель мынадай өлшемдерді бөліп көрсетеді:

- ойдың тұжырымдамалық негізінің болуы;
- технологияны жасаушылардың тиянақты әдіснамалық ұстанымының болуы;
- нақты педагогикалық құбылысқа қатынастың жүйелілігі;
- технологияда педагогикалық үрдістің екі жақты сипатынын бейнеленуі;
- педагогикалық үрдіс субъектілерінің орны мен өзара әрекетін анықтау;
- алынған нәтижелерге диагностика жасау мүмкіндігі;
- технологияның кез келген оқу–тәрбие мекемелерінің жұмыс жағдайында қайта жаңғыртылуы.

Инновациялық білім беру технологияларын мектеп мұғалімдері нақты қабылданған шешім бойынша ғалымдардың басшылығымен жасалған, ғылыми тұрғыдан негізделген бағдарламалар арқылы оқу үрдісінде пайдалануына болады. Себебі, мектеп ғылымның теориялық жетістіктерін іс–тәжірибеде таратудың негізгі ордасы болып табылады. [3, б. 34]

Жаңа педагогикалық технологиялар оқушының шығармашылық қабілеттерін арттыруға өз үлесін қосады.

Жаңа технологияны қолдану төмендегідей кезеңдер арқылы іске асады:

- I кезең: оқып үйрену;
- II кезең: меңгеру;
- III кезең: өмірге ендіру;
- IV кезең: дамыту.

Жаңа технологиямен жұмыс істеу үшін төмендегідей алғы шарттар қажет:

- оқу үрдісін интенсификациялауды жаппай қолға алу;
- оқушылардың сабақтастығын болдырмау шараларын кешенді түрде қарастыру. Оның ғылыми–әдістемелік, оқыту әдістемелік, ұйымдастырушылық себептеріне үнемі талдау жасап, назарда ұстау;

- жаңа буын оқулықтарының мазмұнын зерттеп білу, пәндік білім стандартымен жете танысу, білімді деңгейлеп беру технологиясын игеру арқылы оқушыларға білімді мемлекеттік стандарт деңгейінде игертуде қол жеткізу;

- оқыту үрдісін ізгілендіру мен демократияландыруды үнемі басшылыққа алу. Өйткені оқыту –тәрбиенің негізі. Сондықтан оқыту да қоғамдық құбылысқа жатады. [3, б. 36]

Оқытуды екі түрлі мағынада қарауға болады. Біріншісі – мектепте арнайы пәндерді оқыту. Екіншісі – өмірде оқыту, өмірге үйрету. Тәрбиелеу, оқыту егіз ұғым. Оқыта отырып тәрбиелейміз, тәрбиелей отырып оқытамыз. Оқыту тәрбиеге қарағанда нақтылау. Оқыту үйрету арқылы іске асады. Бұл оқытудың маңызы. Оқыту – тәрбиенің құрамды бөлігі, қайнар көзі, жүйелі түрі. Оқыту арқылы тәрбиенің саналылығының, руханилығын, әсемдігін, әсерлігін, адамгершілікке баулу жолын, еңбекшілдігін т.б. айқындап толықтыруға болады. Оқыту – тәрбиенің интеллектуалды түрі. Оқытудың инновациялық технология бойынша әдістемелік жүйесі, осы мақсатқа сапалы нәтижеге жеткізуге мүмкіндік беретін танымдық іс–әрекеттер түрлерінің мазмұнымен тікелей байланысты. Сондықтан инновациялық әдіс–тәсілдерді оқыту үрдісіне енгізу барысы, танымдық іс–әрекеттер түрлерінің мазмұнын, белгілі деңгейде белсенділігін көздейді. Осы екі үрдістің өзара сапалы нәтижесінде оқушының өз ісіне сенімділігін жауапкершілік сезімін, шығармашылық қабілеттілігін қалыптастыру мақсатын жүзеге асыруға жағдай туғызатын оқытудың инновациялық негізі түрлері анықталады. Яғни мектеп мұғалімдеріне бұл мәселені жан–жақты үрдіс ретінде қабылдауын және инновациялық технологияны пайдалануға ықпал ететін көптеген шартты жағдайларды танып білуі талап етіледі.

Сондықтан танымдылық іс–әрекеті белгілі бір дәрежеде белсендірілуі қажет. Бұл әдістемелік жүйенің басқа бөліктерінің (мазмұнын, әдіс, оқыту түрінің), өзара байланысы қалпында өзгертілуін талап етеді. [3, б. 41]

Жаңа технологияның мақсаты – оқытуды ізгілендіру, яғни оқу құралдары оқушылардың өздігінен танымдық іс–әрекетін жүргізе алатындай болуы керек.

Жаңаша оқытудың негізгі түрлері: оқытудың дербес және топтық түрлері болып табылады. Бұл жерде алға қойылатын басты мақсат – оқушыға деген сенім, оның өз ісіне жауап беру мүмкіндігіне сүйеніп беделі мен қадір–қасиет сезімін дамыту.

Инновациялар классификациясы негізінде білім беру мекемелерінің қызметіндегі туындайтын саналы педагогикалық ой–идея жүйесі жатыр.

Бүгінде педагогикалық ой–пікірдің даму қарқынына орай адамға қажетті білім деңгейінің де артқаны анық. Сондықтан ең маңыздысы оқушылардың өздігінен дамуын, шығармашылық деңгейінің артуын, тұлғалық сапаларының қалыптасуын қамтамасыз ету керек. Инновациялық білім беру

технологияларын сұрыптап, таңдап алу және оның мәнін түсінбеу оқу процесін жетілдіруге кедергілер жасайды. [4, б. 8]

Бірқатар авторлардың пікірінше, инновациялық білім беру технологияларын іске асыру бойынша мұғалім іс-әрекетін қарастыруға арналған бастапқы әдіснамалық алғышарттар мыналар: жүйелілік, тұлғаға бағытталған, әрекеттілік, синергетикалық, контекстік қатынастар.

Жалпы алғанда, инновациялық іс-әрекет ішінара өзара бір-бірімен байланысты әрекеттерден жинақталады. Олардың логикалық бірізділігі оның құрылымын анықтайды. Соңғысын қарастыра отырып, В.А.Сластенин, Л.С.Подымова мұнда келесі компоненттерді атап көрсетеді: мотивациялық, креативтілік, технологиялық, рефлексиялық. Жоғарыдағы пікірлерге сүйене отырып, біз инновациялық іс-әрекет құрылымында төмендегідей әрекеттерді бөліп көрсеттік:

1. Мұғалімнің кәсіби іс-әрекетін өзгерту керектігі мен пайда болу қажеттілігін пайымдауға әкелетін әрекеттер.

2. Жаңалықты жобалаумен байланысты әрекеттер.

3. Меңгерумен тікелей байланысты болған әрекеттер.

4. Тәжірибені қорытындылаумен байланысты әрекеттер.

5. Инновацияларды тарату мен пайдалануға байланысты әрекеттерді педагогикалық тәжірибеде жеке түрде іске асыру.

Келтірілген әрекеттер түрлері олардың барлық мүмкін болған типтерін, пайда болу формаларын жоққа шығармайды. [4, б. 3]

Мақсатты, жүйелі, тұлғалық, бағдарланған, қызметтік, синергетикалық, контекстік қатынастар, әдіснамалық қағидалар, ұғымдар инновациялық білім беру технологияларын пайдаланудағы мұғалім іс-әрекетінің құрылымын жасауға мүмкіндік берді. Оқыту мазмұнындағы жеке компоненттердің үйле-сімділігі, сәйкестілігі және көпнұсқалылығы оқушылардың талабы мен талғамына, өздігінен білімді меңгеруіне бағдар беруге, мүмкіндігі мен қабілетіне сәйкес жүйеге келтірілді. Оқытудың негізгі әдістері пән ерекшеліктеріне қарай – лекция, лекция-әңгіме, ғылыми, анықтамалық, энциклопедиялық әдебиеттерді зерделеу, мәтінмен жұмыс, жаттығулар орындау, бұйымдар әзірлеу, сарамандық жұмыстар атқару арқылы жүзеге асырылады. Инновациялық білім беру арқылы мектеп оқушысының интеллектуалды дамуының сапалық деңгейлері белгіленіп, оған қойылатын талаптардың негізгі көрсеткіштеріне сәйкестігі анықталады.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Әбуов Ә.Е. Оқу үрдісінде инновациялық білім беру технологияларын пайдаланудың педагогикалық шарттары: пед. ғыл. канд. автореф. Астана, 2005. 28 б.

2. Көшімбаева С.А. Оқу-тәрбие үрдісінде оқытудың инновациялық әдіс-тәсілдерін пайдаланудың педагогикалық шарттары: пед. ғыл. канд. автореф. Алматы, 2004. 24 б.

3. Айтбаева А.Б. Білім берудегі жаңа технологиялар: оқу құралы. Алматы: Қазақ университеті, 2011. 32 б.

4. Қуанбаева Б.О. Оқытудың педагогикалық жүйесін технологиялық негізде жетілдірудің дидактикалық шарттары: пед. Ғыл. Канд. ... дисс. Алматы, 2009. 26 б.

УДК 371.31

### **ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ИНФОРМАЦИОННО – КОММУНИКАЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ В РАБОТЕ УЧИТЕЛЯ НАЧАЛЬНОЙ ШКОЛЫ**

*Штоль Александра Анатольевна*  
*учитель начальных классов*  
*КГУ «Общеобразовательная школа №1 поселка Жолымбет*  
*отдела образования по Шортандинскому району*  
*управления образования Акмолинской области»*  
*п. Жолымбет, Казахстан*  
*E-mail: aleksandra\_shtol@mail.ru*

#### **Аннотация**

*Информатизация начальной школы позволяет повысить качество образовательного процесса. О том, как посредством использования информационно-коммуникативных технологий (ИКТ) упростить управление учебно – воспитательным процессом, организовать обмен педагогическим опытом, расширить дидактические возможности урока.*

**Ключевые слова:** *информационно – коммуникационные технологии (ИКТ), педагог, учебно- воспитательный процесс.*